



Оман Сұлтандығы Үкіметінің Астана қаласында құрылыш салуға арналған грантын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 14 шілдедегі N 663

Оман Сұлтандығы Үкіметінің Астана қаласында құрылыш салуға

арналған грантын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Оман Сұлтандығы Үкіметінің грантын беру туралы келісімге қол қойсын;

2) грантқа банктік қызмет көрсету жөніндегі қажетті төлемдерді республикалық бюджет қаражатының есебінен қарастырын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Оман Сұлтандығы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасында ноталар алмасуды жүргізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі